

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестерін ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларына байланысты қоғамдық кеңестің мүшелерінің қатысуымен өткізілген отырысы

№2 хаттама

Арыстанды ауылы

5 сәуір 2021 жыл

Қатысқандар: 11 адам

Күн тәртібінде:

1. Арыстанды орта мектебінің бос тұрған лауазымына директор тағайындау туралы

Тыңдалды:

Арыстанды орта мектебінде 2021 жылдың – сәуір күні мектептегі қамқоршылық кеңес ұйымының «Орта техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының басшыларын конкурстық орналастыру және мемлекеттік мектепке дейінгі орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және қосымша білім беру ұйымдарының басшысы лауазымына конкурстық тағайындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылдың 21 мамырдағы №213 бұйрығының 74 тармағына сәйкес директор лауазымының бос тұрған орнына директор тағайындау туралы отырысы болып өтті.

Отырысты қамқоршылық кеңестің төрағасы Ө.Дәндібаев ашып, ұйым мүшелері мен отырысқа қатысушыларды күн тәртібіндегі мәселемен таныстырып өтті.

Тыңдалды:

Бірінші болып сөз алған аудандық білім бөлімінің әдіскері Г.К.Есенбекова өзінің перспективалық даму жоспарымен таныстырып өтті.

Даму бағдарламасы 2021-2026 арналған даму жоспарына негізделген. 5 жылда атқаратын және күтілетін нәтижелер алынған. 16 бөлімнен, 3 кезеңнен тұрады. Басқару жүйесіндегі 15 күтілетін нәтижесін және мақсатты критерийлерін атап шықты.

Мектептің білім беру жүйесінің даму әлеуетін анықтау үшін оның күшті және әлсіз жақтарын (ішкі факторлар), оның дамуының перспективалық мүмкіндіктері мен тәуекелдерін (сыртқы факторлар) анықтау үшін SWOT талдау жүргізілетіндігін, мықты тұстары мен әлсіз тұстарын, мүмкіндіктері мен қауіп-қатерді толық атап шықты. Ең бастысы ата-аналар комитетімен тығыз байланыста болу керектігін айтты.

Ғалия Қойшыбайқызы өз сөзің «Мектептің жаны – мұғалім. Мектепке ең керегі: білімді басшы, білімді мұғалім», -деп қорытындылады.

Сөйлегендер:

Арыстанды орта мектебінің қамқоршылық кеңес мүшесі А.Аманбеков Ғ.Қойшыбайқызының даму жоспарын қолдайтындығын, ал Н.Досболаева Ғ.Қойшыбайқызына өзінің жылы лебізін білдіріп, перспективалық жоспары ұнағандығын, тек қана сәттілік тілейтіндігін айтты.

Қадыр Хасанов пен Али Амоев мектеп директорлығына өздерінің мектептеріндегі ұстаздар да жіберілсе деген ұсыныстарын білдірді. Қ.Хасанов пен А.Амоевтың бұл ұсынысына Ғ.Қойшыбайқызы өз пікірін білдірді.

Қоғамдық кеңес мүшелерінің қатысуымен өткізілген отырысының шешімі:

Арыстанды орта мектебінің бос тұрған директорының лауазымына үміткер Г.К.Есенбекова келесі кезеңге жіберілсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:

Мүшесі:

Мүшесі:

Мүшесі:

Мүшесі:

Мүшесі:

Мүшесі:

Мүшесі:

Мүшесі:

Хатшы:

Ө.Дәндібаев

Т.Шымырбаев

И.Мұстафаев

А.Амоев

А.Аманбаев

Н.Досболаева

З.Амоева

Ф.Жусипов

Қ.Хасанов

Б.Туменбаева